

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 қарашадағы № 1133 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 741 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1108 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2015 № 1108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін ақшаны пайдаланудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 қарашадағы № 1133 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 43, 475-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Агенттің 2010 жылға арналған қызметіне ақы төлеу 52178612 (елу екі миллион бір жүз жетпіс сегіз мың алты жүз он екі) теңге мөлшерінде бекітілсін.» ;

3-тармақта «2009 - 2011 жылдарға» деген сөздер «2010 - 2012 жылдарға» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*